

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2024 жылғы 4 маусымда № 75/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 5 маусымда № 34454 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 12-тармағының бесінші бөлігіне және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 15-тармағының 249-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Кадрлар департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері және жұмыскерлері таныстырылсын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

Е. Сагимбаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті Төрағасының
2024 жылғы 4 маусымдағы
№ 75/ке бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберу қағидалары (бұдан әрі –

Қағидалар) "Арнаулы мемлекеттік органдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 12-тармағының бесінші бөлігіне (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 15-тармағының 249-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін (бұдан әрі – білім алушылар) әскери, арнаулы оқу орындарынан (бұдан әрі – ӘАОО) немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберу тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК), білім алушы және шет мемлекеттердің білім беру ұйымдары арасында жасалған халықаралық шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес көзделген тәртіпте білім алушы шет мемлекеттердің білім беру ұйымынан шығарып жіберілген жағдайда кадр бөлімшесі:

курсанттар (тыңдаушылар) үшін – шығару және жеке құрам тізімінен алып тастау туралы бұйрық дайындайды;

магистранттар мен докторанттар үшін – органның тиісті кадр бөлімшесіне лауазымынан босату және ол жіберілген бөлімше бастығының қарамағына қабылдау туралы ұсыным жібереді.

Білім алушыны шет мемлекеттердің білім беру ұйымынан шығарып жіберу туралы бұйрық шығарылғаннан кейін кадр бөлімшесі "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің әскери, арнаулы оқу орындарында немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарында оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу қағидаларын бекіту туралы" ҰҚК Төрағасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 85 қе бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15917 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 85 қе бұйрық) көзделген тәртіппен оқытуға жұмсалған нақты шығындардың жиынтық есебін дайындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 29.09.2025 № 88/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Білім алушыны ӘАОО-дан шығарып жіберу:

- 1) үлгермеушілік бойынша;
- 2) теріс себептер бойынша;
- 3) өз еркі бойынша;
- 4) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты;
- 5) қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан кезде жүргізіледі.

4. ӘАОО-дан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан оны оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеуді талап ететін негіздер бойынша оқудан шығарып жіберуге жататын білім алушымен кадр қызметіне жетекшілік ететін ӘАОО бастығының орынбасары ӘАОО-дан немесе шет мемлекеттердің білім беру

ұйымдарынан оқудан шығарып жіберу кезінде оны оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу жөніндегі міндеттемелердің болуы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын түсіндіру мақсатында әңгімелесу жүргізеді.

5. Өткізілген әңгімелесудің барысы мен нәтижелері туралы мәліметтер әңгімелесу парағы түрінде ресімделеді.

Әңгімелесу парағы еркін нысанда, білім алушының жеке ісіне қоса тіркелетін бір данада жасалады, оған әңгімелесуді жүргізген адам және оқудан шығарылуға жататын білім алушы қол қояды.

6. ӘАОО-дан шығарылғандарға транскрипт (академиялық анықтама) беріледі.

7. ӘАОО-дан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберілген, сондай-ақ келісімшарт жасасудан бас тартқан, егер олар әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермеген болса, әскерге шақырылушылардың әскери есебіне алу үшін жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі және белгіленген тәртіппен әскери қызмет өткереді.

ӘАОО кадр бөлімшелері ҰҚК Кадрлар департаментіне білім алушыны ӘАОО-дан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберу туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 29.09.2025 № 88/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ӘАОО-да немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарында білім алушыны оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу № 85 ке бұйрығында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. ӘАОО-ға қайта қабылдау "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңның 39-бабында және "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" ҰҚК Төрағасының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 3 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13121 болып тіркелген) көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-тарау. Үлгермеушілігі бойынша ӘАОО-дан шығарып жіберу тәртібі

10. Білім алушыны ӘАОО-дан шығарып жіберу "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттесттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" ҰҚК Төрағасының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 8 /ҚБП бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13116 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 8/ҚБП бұйрық) белгіленген мерзімде жойылмаған академиялық берешегі болған жағдайда жүзеге асырылады.

11. Білім алушының академиялық берешегін жою мерзімдерін ӘАОО оқу-әдістемелік бөлімшесі пәндер бойынша академиялық берешекті жою кестесіне сәйкес белгілейді.

12. Білім алушыны оқудан шығарып жіберу туралы шешімді № 8/ҚБП бұйрығында көзделген негіздерді басшылыққа ала отырып, оқу жұмысына жетекшілік ететін ӘАОО бастығының орынбасарымен келісілген оқу-әдістемелік бөлімше бастығының ұсынымы (баянаты) негізінде ӘАОО бастығы қабылдайды.

13. Баянатқа білім алушымен академиялық берешек туындаған сәттен бастап жүргізілген әңгімелесу парақтары және № 8/ҚБП бұйрығына сәйкес әзірленетін ӘАОО академиялық берешегін жою кестесіне сәйкес академиялық берешекті жою қажеттігі туралы ол қол қойған хабарламалар қоса беріледі.

Сонымен бірге академиялық берешекті жою қажеттігі туралы хабарлама еркін нысанда жасалады.

14. Оқу-әдістемелік бөлімшенің бастығы ӘАОО бастығына білім алушыны оқудан шығарып жіберу үшін негіздер басталған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оқушыны оқудан шығарып жіберу туралы ұсыным (баянат) енгізеді.

15. ӘАОО кадр бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде:

курсанттар (тыңдаушылар) үшін – шығару және жеке құрам тізімінен алып тастау туралы бұйрық шығарады;

магистранттар мен докторанттар үшін – органның тиісті кадр бөлімшесіне лауазымынан босату және ол жіберілген бөлімше бастығының қарамағына қабылдау туралы ұсыныс жібереді.

Білім алушылардың жеке істері ӘАОО кадр бөлімшелерінде білім алушы ӘАОО-дан шығарылған сәттен бастап бір жыл бойы сақталады.

3-тарау. Теріс себептер бойынша ӘАОО-дан шығару тәртібі

16. Білім алушыны ӘАОО-дан теріс себептермен шығарып жіберу туралы шешімді ӘАОО бастығы тәрбие жұмысы мәселелеріне жетекшілік ететін ӘАОО бастығының орынбасарымен келісілген оқу бөлімшесі басшысының дәлелді баянаты негізінде қабылдайды.

Баянатқа қызметтік тергеп-тексеру материалдары қоса беріледі.

17. Білім алушыны ӘАОО-дан теріс себептермен шығарып жіберу ҰҚО қызметкерлері үшін Заңының 51-бабының 14-тармағында және ҰҚО әскери қызметшілері үшін "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

18. Теріс себептер бойынша білім алушыны оқудан шығарып жіберу туралы шешім қабылданған жағдайда ӘАОО кадр бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде білім алушыны жұмыстан шығару және жеке құрам тізімінен алып тастау туралы бұйрық шығарады.

Білім алушылардың жеке істері ӘАОО кадр бөлімшелерінде білім алушы ӘАОО-дан шығарылған сәттен бастап бір жыл бойы сақталады.

4-тарау. Өз бастамасы бойынша ӘАОО-дан оқудан шығарып жіберу тәртібі

19. Білім алушыны өз еркі бойынша оқудан шығарып жіберу туралы шешімді ӘАОО бастығы оқудан шығарып жіберу себептерін көрсете отырып, ӘАОО бастығының атына білім алушының баянаты негізінде қабылдайды.

20. ӘАОО бастығы кадр бөлімшесіне екі жұмыс күні ішінде баянатта баяндалған фактілерді тексеру үшін білім алушымен әңгіме жүргізуді тапсырады.

21. ӘАОО кадр бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде:

курсанттар (тыңдаушылар) үшін – шығару және жеке құрам тізімінен алып тастау туралы бұйрық шығарады;

магистранттар мен докторанттар үшін – органның тиісті кадр бөлімшесіне лауазымынан босату және ол жіберілген бөлімше бастығының қарамағына қабылдау туралы ұсыным жібереді.

Білім алушылардың жеке істері ӘАОО кадр бөлімшелерінде білім алушы ӘАОО-дан шығарылған сәттен бастап бір жыл бойы сақталады.

22. ӘАОО-дан шығарылған магистранттар мен докторанттар осы тарауда көзделген негіз бойынша олар жіберілген бөлімшелерге қайтарылады.

5-тарау. Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты ӘАОО-дан шығарып жіберу тәртібі

23. Білім алушыны оқудан шығарып жіберу туралы шешімді ӘАОО бастығы білім алушының ӘАОО бастығының атына жазылған баянаты негізінде қабылдайды, оған Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының түпнұсқасы немесе көшірмесі қоса беріледі.

Білім алушыға Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының көшірмесі ұсынылған жағдайда кадр бөлімшесі ұсынылған көшірмені түпнұсқамен салыстырады.

24. Білім алушыны ӘАОО-дан шығарып жіберу, оны ҰҚО-дағы қызметтен шығару және жеке құрам тізімінен алып тастау ӘАОО бастығының бұйрығымен Заң 51-бабының 10-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

6-тарау. Қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан кезде ӘАОО-дан шығарып жіберу тәртібі

25. Қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан кезде, білім алушыны оқудан шығарып жіберу туралы шешімді ӘАОО бастығы білім алушы ӘАОО

бастығының атына қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тарту себептерін көрсеткен баянаты негізінде қабылдайды.

26. ӘАОО бастығының тапсырмасы бойынша кадр бөлімшесі үш жұмыс күні ішінде оны жұмыстан шығару және жеке құрам тізімінен алып тастау туралы бұйрық дайындайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК